



ОЦЕНКА УЧЕБНЫХ ДОСТИЖЕНИЙ

Ежегодно в апреле в организациях начального, основного среднего, общего среднего образования осуществляется мониторинг за качеством обучения в форме внешней оценки учебных достижений учащихся (ВОУД).

стр. 10

ТУРАЛЫҚТА ТУ
ЕТКЕН НАГАШЫБАЙ

Кара сөздін қадірін білген ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, КР медиймет қайраткері, ардагер-журналист, жыр жолдары дүйнін жүргіткін орын алған Нагашыбай Мұхатов мерейлі 70 жаса толды. От емірі мен қызметінде адаптадын пен шындықты серіктен жан.

19 Бет

Газета для работников сферы образования, студентов, учащихся и родителей


№13 (359) | ПЯТНИЦА 5 апреля 2019

Бәсекеге қабілетті маман даярлау

Білікті маман дайындауда оку процесін өндіріспен байланыстыру – басты мәселе. Өйткені, оку орындары мен өндірістік кәсіпорындардың бірігінсіз кәсіби түрғыда жетілген, өз ісінің өлгірін даярлау мүмкін емес.

Оқытуды өндіріспен байланыстырудың бірнеше маңызды аспектілерге назар аудару қажет. Біріншіден, еңбек нарығында дайындалатын мамандарға деген сұранысты ескеру. Екіншіден, оку орындарының материалдық-техникалық базасын және оку-әдістемелік кешенді заманауи талаптарға сай нығайту. Үшіншіден, оқытушылардың кәсіби шеберлігін шындау. Төртіншіден, серіктес үйымдармен, потенциалды жұмыс берушілермен байланыс орнату. Және бесіншіден, мамандыктар бойынша мемлекеттік стандарттардың сапасын арттыру.

Кез келген кәсіпорында ең



әуелі мамандардың кәсіби сапасына, жұмысқа деген қабілетіне, іскерлігі мен біліктілігіне баса назар аударылады. Білім беру процесінде маңызды тұлға – оқытушы. Ал оқытушының біліктілігі – биік кәсіби шеберлік пен оку-тәрбие жұмысын жүргізу деңгейімен өлшенеді. Осы тұста, оқытудың түрлі техникалық жабдықтармен, оку-әдістемелік, ғылыми-көпшілік әдебиеттермен толық қамтамасыз етілуі

діттеген мақсатқа жетуге әсер ететіні тусінікті жайт.

Серіктестік өкілдері және студенттер арасында өткен кездесу барысында мамандар өндірістік кәсіпорындар бойынша ақпараттар беріп, қызметкерлерге қойылатын талаптармен таныстырып, кәсіпкерлік салада кездесетін түйіткілді мәсе-

лелерге тоқталды. Теориялық білім мен кәсіби тәжірибе бір-бірнен бөліп қарасты болмайтын егіз үғым іспеттес. Олай дейтін себебіміз, білім алушыға қажет білік-дағылар кәсіби жұмыспен бетпе-бет келгенде ғана қалыптасады.

Салтанат АБДРАХМАНОВА,
Арқалық
политехникалық колледжі
өндірістік оқыту шебері